

## Каспий теңізінің Қазақстандық секторында қолдану үшін диспергенттердің тізбесін бекітуі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 09 шілдедегі № 202-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 05 тамызда № 8605 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 189 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 13.03.2015 № 189 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 422 Қаулысымен бекітілген Теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспарының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Каспий теңізінің Қазақстандық секторында қолдану үшін диспергенттердің қосымша тізбесін бекітуді.
2. Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне осы бұйрықты заңнамада көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету және кейіннен оны ресми түрде бұқаралық ақпараттық құралдарда жариялауды.
3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Н. Қаппаров*  
Қазақстан Республикасы  
Қоршаған ортаны қорғау министрінің  
2013 жылғы 09 шілдеде № 202-Ө  
бұйрығымен бекітілген

## Каспий теңізінің Қазақстандық секторында қолдану үшін диспергенттер тізбесі

- 1) Диспергент Corexit EC9500A  
Түсі: янтарлы  
Қату температурасы, °С: <-57

Жарқ ету температурасы,  $^{\circ}\text{C}$  83  
Диспергентті сақтау үшін оңтайлы аралық,  $^{\circ}\text{C}$ : 4-38  
Тығыздық,  $\text{г}/\text{см}^3$ : 0,95  
Ерігіштік: сумен араласады, рН 6,2  
Биоқұлдырау дәрежесі, BOD5/COD  
Шоғырландыру қабілеті күтілмейді

2) Диспергент Inipol IPF  
Түсі: ашық - сары  
Қату температурасы,  $^{\circ}\text{C}$ : <-30  
Жарқ ету температурасы,  $^{\circ}\text{C}$ : 78  
Тығыздық,  $\text{г}/\text{см}^3$ : 0,91-0,94 (20  $^{\circ}\text{C}$ )  
Ерігіштік: көмірсутегі

3) Диспергент Inipol IP-90  
Түсі: ашық - сары  
Қату температурасы,  $^{\circ}\text{C}$ : <-10  
Жарқ ету температурасы,  $^{\circ}\text{C}$ : 64  
Тығыздық,  $\text{г}/\text{см}^3$ : 0,95  
Ерігіштік: су